

**"Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 тамыздағы N 941 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 шілдедегі N 1144 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 тамыздағы N 941 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
К. Мәсімов*

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 тамыздағы N 941 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы**

**Қ А У Л Ы            Е Т Е М І Н :**

1. "Дипломаттық дәрежелерді беру тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 тамыздағы N 941 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., N 28, 309-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Дипломаттық дәрежелерді беру тәртібі туралы ережеде:

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші, үшінші, төртінші және бесінші абзацтармен толықтырылсын:

"Жоғарыда аталған дипломаттық дәрежелерді беруге арналған ұсынымды Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі Қазақстан Республикасы Президентінің сыртқы саяси бастамаларын іске асырудың, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен саяси және экономикалық ынтымақтастығын дамытудың, маңызды сыртқы саяси іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізудің тиімділігін есепке ала отырып енгізеді.

Төтенше және Өкілетті Елші дипломаттық дәрежесі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министріне, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасарына, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жауапты хатшысына, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасарына, Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісіне, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйым жанындағы Тұрақты өкіліне берілуі мүмкін.

